

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бобекжай бақша кешені

менгеруші

Мирананова М.А.



Ашық оқу қызметі

Тақырыбы: «Көктем келді»

«Аққу» ересек топ

Тәрбиеші: Сайрамбаева Л.Д.

2022-2023

Балалар, қараңдаршы жарқырап күн шығып тұр, бізге шуағын шашып тұр.

Қандай шуақты ерекше күн! Және де бізге кәп қонақтар келіп отыр екен
және солармен амандасып алайық.

Шаттық шеңберіне тұру.

Арайлап таң атты,

күн сәулесін таратты

жарқырайды қаламыз

жарқырай түс, даламыз

қайырлы таң! Қайырлы таң қонақтар

(Шеңберге тұрады әлең жолына сәйкес қимылдар жасайды)

Бүгін бізде ашық оқу іс - әрекеті: Айналамен таныстыру. Мен қазір сіздерге
жұмбақ жасырамын.

Мұқият тыңдап алыңдар.

Қар еріп, су кәбейіп, сай салаға ағады!

Ағам басы бүршік шашып, жапырақ ашып, гүл бәйшешек толады

Балалар, айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады?

Бұл кәктем мезгілінде болады.

Кәктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?

Кәктем мезгілінде күн жылынды.

Қар еріп, жылғалардан су ақты. Туған жерге құстар ұшып келді.

- Кәктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді?

Ағаштар бүршік жарып, жапырақ жаяды.

Жеміс ағаштары гүлдейді.

- Қар ерігеннен кейін жер бетіне бәйшешек гүлі шығады. Жауқазын гүлі,
қызғалдақ гүлдері шығады.

- Кәктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады?

Егістікте тракторшылар жер жыртып, сеялкамен дән себеді

Кәктем мезгілінде егістік жерлерде қандай жұмыстар жүргізіледі?

Егістікте тракторшылар жер жыртып, сеялкамен дән себеді.

- Наурыз айында қандай мерекелерді атап өттік?

Наурыз айында 8 - наурыз аналар мерекесі, 22 - наурыз Ұлыстың ұлы күні

Наурыз тойын тойладық.

Есік қағылды. Топқа музыка әуенімен қонаққа Ару Кәктем кіреді.

Ару Кәктем:

- Сәлеметсіздер ме қонақтар, балалар!

Мен кәңілді кәктеммін.

Былыр келіп кеткенмін.

Нұр боп кәктен тәгілем.

Шуағым тәгіп әлемге

Қуатын күннің әкелем

Табиғаттың тәсіне,

Тіршілігін әперем

Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қазір жылдың кәктем мезгілі.

- Кәктем мезгілінің қай айы?

Кәктем мезгілінің наурыз айы.

- Кәктем айларын атаңдар

- Кәктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр

Ару Кәктем: Балалар мен туралы не білесіңдер?

Кәктем, кәктем кәктемде

Құстар келіп жеткенде.

Қуанып бір қаламыз.

Әнмен қарсы аламыз

Кәктем қандай кәңілді,

Күміс жаңбыр тәгілді.

Мәлдір аспан ашылып,

Күн пердесі сәгілді.

- Кәкке бояп әңірді,

Кәктем келді кәңілді.

Бау - бақшада орманда.

Құстар әні тәгілді.

Ару Кәктем: Рахмет балалар!

Кәктем мезгілі туралы кәп біледі екенсіңдер.

Жарайсыңдар!

Музыка әуені естіледі.

Музыка әуенімен билеп

«Қағаз ханшайымы» кіреді.

-«Қағаз ханшайымы»:

- Сәлеметсіздер ме қонақтар, балалар!

Мен қағаздар елінен сендерге қонаққа келдім. Мен «Қағаз ханшайымы»

боламын.

- Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Кәптеген тапсырмалар әкелдім.

Жұмбақтар айтады.

- Таңмен кәзін ашады,

Әлемге нұрын шашады.

Ол не? (Күн.)

- Ағаш.

- Жылт жылт етеді.

Жылғадан өтеді.

Ол не? (Су)

- Қыста киімін тастайды,

Кәктем де киіне бастайды.

Ол не? (Ағаш.)

2 тапсырма.

- Кім жаңылтпаш біледі?

Кәктем күні шуақты,

Кәктем күні қуатты.

Кәктем күні шуақты,

Сай - салат су ақты.

Кәктем күні күкіреп,

Жаңбыр жауды сіркіреп.

Кәктем күні күркіреп,

Шыға келді қыр түлеп

3 тапсырма.

Кім тыйым сөздер біледі?

Құстарды атуға болмайды.

Құстардың ұясын бұзуға болмайды.

Қағаз ханшайымы:

- Жарайсыңдар, балалар!

Рахмет!

Сендер өте ақылды,

Білімді балалар екенсіңдер.

Сергіту сәті:

Күн болып жанайық.

Су болып ағайық.

Терең – терең демалып,

Жүгіріп, жүгіріп алайық.

Енді маған қиынды пішіндерден кәктемде әсетін қызғалдақ гүлін

құрастырып жапсырайық.

Қызғалдақ гүлінің үлгі суретін тақтаға іледі.

«Кәктемгі күн жерді қыздырып, табиғаттағы бар тіршілік иелері оянып,

қызғалдақтар жер – анадан күш алып, жапырақтарын жайып, күлтешелерін

кәтеріп, күнге қарай қол созады. Себелеп өткен жылы жаңбыр гүлдің

жапырақтарын аймалап жуып, шаңын кетіреді. Гүлдер жерді кәріктендіреді,

адамға жақсы кәңіл – күй сыйлайды, олардан дәрі жасайды. Гүлдер

жәндіктерге қорғаныш және тіршілік кәзі болып қызмет етеді.

«Қызғалдақ гүлін құрастыра отырып жапсырамыз».

1) сабағын

2) күлтешесін

3) төменнен жоғарыға қарай жапырағын жапсырамыз.

Балалардың өз бетімен жұмыстар.

Балалардың жұмыстарын мадақтау.

Қағаз ханшайымы:

Балалар мен сендерге өте ризамын.

Сендер менің тапсырмаларымды өте жақсы орындадыңдар. Ал енді

сендермен ойын ойнасақ бола ма?

Ойын: Жақсы мен жаман

Мақсаты: Жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса

тыныш отыру.

1) Кәшет отырғызу.

2) Ағаштарды сындыру.

3) Құстарға жем шашу.

4) Құстың ұясын бұзу.

5) Ағаштарға су құю.

6) Гүлдерді жұлу.

7) Құстарға ұя жасау. (Ойын ойнайды)

Балалар қолдарын

Шапалақтайды.

Шапалақтамайды

Рахмет, сендермен өте тамаша күн өткіздім сендерге өте ризамын қош сау

болыңдар.